

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 8 қараша N 1179

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

IV "Шығындар" деген бөлімінде:

1 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" деген функционалдық тобында:

1 "Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар" деген ішкі функциясында:

690 "Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы" әкімшісі бойынша:

030 "Сайлау өткізу" деген бағдарламасында:

031 "Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды өткізу" деген кіші бағдарламасында "59014" деген сан "40014" деген санмен ауыстырылсын;

032 "Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлауды өткізу" деген кіші бағдарламасында "8925" деген сан "20925" деген санмен ауыстырылсын;

033 "Мәслихаттар депутаттарын сайлауды өткізу" деген кіші бағдарламасында "58000" деген сан "65000" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі